EGEMEN QAZAQSTAN

Мемлекеттілдік мінбері

№81 (30560) 1 МАМЫР, ДҮЙСЕНБІ 2023 ЖЫЛ

www.egemen.kz E-mail: info@egemen.kz FACEBOOK.COM/EGEMENKZ TWITTER.COM/EGEMENKZ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқының бірлігі мерекесімен құттықтауы

Қадірлі отандастар!

Сіздерді Қазақстан халқының бірлігі мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл – тұрақтылық пен тыныштықты, татулық пен келісімді дәріптейтін мейрам.

Ел бірлігі – біздің баға жетпес байлығымыз, мемлекеттілігіміздің берік негізі. Қазақ жері сан алуан этнос өкілдерінің құтты мекеніне айналған. Барлық азаматтарымыз өткен тарихы, бүгіні мен болашағы бір екенін терең ұғынады. Өйткені жұртымыздың құндылықтары да, арман-мұраттары да ортақ. Түптеп келгенде, бәріміз – үлкен қара шаңырақтың, біртұтас қазақ ұлтының перзенттеріміз.

Еліміздің өсіп-өркендеуі қолға алған реформалардың тиімді жүзеге асырылуына байланысты. Біз осы іргелі мақсаттарға мызғымас бірліктің арқасында ғана қол жеткіземіз.

Халқымыз «Ырыс алды – ынтымақ», дейді. Бабаларымыздың бұл өсиеті – Әділетті Қазақстандағы басты ұстанымның бірі. Біз татулық, теңдік және әділдік қағидаларына негізделген қоғам құрамыз.

Бірлігі жарасқан жұртымыздың абыройы асқақ болсын!

Баршаңызға бақ-береке және толағай табыс тілеймін!

Мереке құтты болсын, ағайын!

БІРЛІГІМІЗ ЖАРАСҚАН!

Бейбітшілік бесігі

1 мамыр – халқымыз үшін маңызы мен мәні тұрғысынан ең басты мерекелердің бірі. Өйткені қоғам өміріндегі кез келген істің берекелі де баянды болуы ауызбіршілік пен ынтымаққа келіп тіреледі. Онсыз жасампаздық та, өнер де, мәдениет те, тіл де, дін де өміршең болмас еді. Тіпті ынтымақ пен келісімсіз ғасырлар бойы армандаған тәуелсіздігімізді де, Отанымыздың келешегін де баянды қыла алмас едік. Біз осы бақытымыз бен құндылықтарымыздың барлығына бас қосқан бірлігіміз бен тізе қосқан тірлігіміздің арқасында жеттік.

Суретті түсірген Ерлан ОМАР, «EQ»

Ескендір ЗҰЛҚАРНАЙ,
«Egemen Qazaqstan»

«Байлық – байлық емес, бірлік – байлық» деген ұстанымды ту көтерген халқымыз тәуелсіздікке қол жеткізген күннен бастап ұлтаралық және дінаралық татулық пен толеранттылықты ел дамуының басты желкені қылды. Келісім жоқ жерде келешек, бірлік жоқ жерде болашақ болмайтынын ұғынған жұрт үшін бұдан өзге жол да, бағыт та жоқ еді. Қонақжай қазақ жерін мекендеген әрбір ұлт өзінің тілі мен дінін, мәдениеті мен дәстүрін еркін ұстанып, заман ағымына сай дамытуға алғашқы күннен мүмкіндік алды.

Күні кеше 1 мамыр мерекесі қарсаңында Қазақстан халқы Ассамблеясының «Әділетті Қазақстан: бірлік, тұрақтылық, даму» деген атаумен өткен XXXII сессиясында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің ынтымақ пен келісімнің арқасында жеткен табыстары мен бейбітшілігін тағы бір шегелеп айтты.

«Біз бәріміз – бір отбасымыз. Бұл – артық айтқандық емес. Бұл – біздің шынайы болмысымыз», деген Мемлекет басшысы ел халқының бірлігін арттырып, ауызбіршілігін нығайтатын факторлардың бірі – мемлекеттік тіл екенін де тағы бір еске салды.

«Барлық азаматтың мемлекеттік тілді меңгеру мәселесі саясатымыздың стратегиялық бағыты болып қала береді. Қазақ тілі – азаматтық интеграцияның тиімді құралы, мәдени-рухани тұтастықтың жарқын көрінісі. Мемлекеттік тілді, әсіресе ана тілін, яғни қазақ тілін білу – қандай да бір азаматтың мәдени өресі, азаматтық жауапкершілігі қаншалықты биік екенін білдіреді. Сондай-ақ қаншалықты патриот екенін көрсетеді», деп атап көрсетті Президент.

Бүгінде Қазақ елін әлем жұртшылығы «бейбітшілік бесігі» ретінде танитыны бесенеден белгілі. Біздің міндетіміз – осы татулығымыздың тұнығын лайламай, тұрақтылығын бұзбай, одан әрі нығайту, бірлігімізді арттыра беру. 1 мамыр секілді елдік маңызы бар мерекелердің артықшылығы мен құндылығы осындайда көрінсе керек.

Суретті түсірген Ә.ДҮЙСЕНБАЕВ, Е.ҰКІБАЕВ

Қалалық сенбілікке қатысты

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Жасыл Астана» экологиялық шарасы аясында ұйымдастырылған қалалық сенбілікке қатысып, елордадағы Желілік саябақта ағаш отырғызды.

Мемлекет басшысы сенбілік барысында волонтерлермен және студенттермен әңгімелесті.

– Қазақстан – біздің ортақ үйіміз. Сондықтан үйімізді таза ұстауымыз керек. Ағаш отырғызып, көшелерді тазалауымыз керек. Бұл – біздің азаматтық борышымыз. Бізде басқа ел жоқ. Сондықтан бәріңді жауапкершілігі мол азамат болуға шақырамын. Баршаңызға, әсіресе, волонтерлерге алғыс айтамын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар Президентке елорданы көгалдандыру және абаттандыру жоспары таныстырылды.

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбектің айтуынша, биыл қала аумағында 1 миллионнан астам жасыл желек, атап айтқанда түрлі ағаш көшеттері мен көпжылдық гүлдер егу жоспарланып отыр.

Сондай-ақ Есіл өзені бойындағы рекреация аймақтарына және саябақтарға жөндеу жұмыстары жүргізіледі.

Мемлекет басшысы қала тұрғындарының демалысына қолайлы жағдай жасау маңызды екенін атап өтіп, елорданы абаттандыру ісіне баса назар аударатынын айтты. Сенбілікке қатысқандар 2 түп қарағай және 39 түп жөке көшетін екті.

«Jibek Joly» жұмысымен таныстыды

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасы Президенті телерадиокешенінің құрамына кіретін «Jibek Joly» телеарнасының жаңа аппараттық-студиялық кешенін аралап көрді.

Мемлекет басшысына әлемдік стандартқа сай хабар тарататын және камера-роботтармен жабдықталған жаңа заманауи студия таныстырылды.

Президентке телерадиокешеннің бас директоры Раушан Қажыбаева Ultra HD форматында лайф режимде хабар таратуға мүмкіндік беретін, жоғары технологиялық заманауи құралдар қолданылған студия жабдықтарын көрсетті.

Телеарна бес тілде хабар тарататын болады. Жаңалықтар студиясы ілеспе аударма жасай отырып, тікелей эфирде жұмыс істейді.

Қасым-Жомарт Тоқаев бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері жұмысының маңыздылығын және олардың кәсібилігін атап өтті. Президент телеарна ұжымына алғыс айтып, қызметкерлерге шығармашылық табыс тіледі.

Мемлекет басшысы қатысатын іс-шаралар

2 мамыр күні Президент Сыртқы сауда, экономикалық тартымдылық және шетелдегі француз азаматтарының істері жөніндегі министр-делегат, Қазақстан-Франция Үкіметаралық комиссиясының тең төрағасы Оливье Бештті қабылдайды.

Кездесу барысында Қасым-Жомарт Тоқаевтың былтыр қараша айында Францияға ресми сапары барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асыру мәселелері талқыланады деп жоспарланып отыр.

3 мамырда Мемлекет басшысы ФИФА президенті Джанни Инфантиноны қабылдайды.

3-4 мамырда Астанаға Қасым-Жомарт Тоқаевтың шақыруымен Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон мемлекеттік сапармен келеді.

Екі ел басшылары шағын және кеңейтілген құрамда өтетін келіссөздер барысында Қазақстан мен Тәжікстан арасындағы стратегиялық серіктестікті одан әрі нығайту келешегін талқылайды.

5 мамырда Президент – Жоғарғы Бас қолбасшы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен Бүкілармиялық кеңес өтеді.

Жиын барысында әскери саланы дамытуға және әскер дайындығына, сондай-ақ Қазақстан армиясын технологиялық тұрғыда жаңғыртуға қатысты мәселелер қарастырылады.

РЕСМИ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрікменстан Үкіметі арасындағы Қазақстан-Түрікменстан мемлекеттік шекарасының режимі туралы келісімді ратификациялау туралы

2021 жылғы 25 қазанда Ашғабатта жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрікменстан Үкіметі арасындағы Қазақстан-Түрікменстан мемлекеттік шекарасының режимі туралы келісім ратификациялансын.

Қазақстан Республикасының Президенті
Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2023 жылғы 28 сәуір
№ 2-VIII ҚРЗ

ДЕРЕК ЖӘНЕ ДӘЙЕК

Бюджеттің салық түсімі – 5,7 трлн теңге

2023 жылғы 1 тоқсанда шоғырландырылған бюджет (Мемлекеттік бюджет+Ұлттық қор) салық түсімі бойынша 5 667,3 млрд теңге, өткен жылғы ұқсас кезеңімен салыстырғанда 21,4% немесе 998,0 млрд теңгеге өсті. Оның ішінде:

– Республикалық бюджетке 3 176,7 млрд теңге түсті, өткен жылғы ұқсас кезеңімен салыстырғанда 23,2% немесе 599,1 млрд теңгеге өсті.

– Жергілікті бюджетке 1 293,6 млрд теңге түсті, 2022 жылғы ұқсас кезеңімен салыстырғанда 24,2% немесе 252,0 млрд теңгеге өсті.

– Ұлттық қорға 1 197,1 млрд теңге түсті, 2022 жылғы ұқсас кезеңімен салыстырғанда 14,0% немесе 146,9 млрд теңгеге өсті.

2022 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда республикалық бюджетке түсімнің үшінші елдерден импортқа ҚҚС бойынша 2 есе, ішкі өндіріс тауарларына ҚҚС 21,2%-ға, корпоративті табыс салығы 20,7%-ға және ЕАЭО елдерінен импортқа ҚҚС 2,0%-ға өсуі байқалады.

Түсімнің өсуіне келесі факторлар әсер етті.

2023 жылы 1 тоқсанда былтырғы жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда алтынға 0,8% бағаның өсуі байқалады.

Үшінші елдермен тауар айналымы 2023 жылғы 1 тоқсанда 13,9%-ға өсті (экспорт 6,7%-ға төмендеді, импорт 1,8 есе өсті).

Сондай-ақ ЭШФ тауар айналымы 8,8 трлн теңгеге немесе 27,7%-ға өсті.

«Егемен-ақпарат»

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ: **EUR/KZT** 498.18 **USD/KZT** 453.339 **RUB/KZT** 5.63 **CNY/KZT** 65.5

Мемлекеттік басқару: Жаңа мәдениет қалыптасты ма?

Мемлекеттік басқару академиясының базасында «Ашық Үкімет және басқарудың жаңа мәдениеті: есту, түсіну, әрекет ету» тақырыбында халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Басқосу барысында отандық және шетелдік сарапшылар мемлекеттік басқару саласындағы жаңа тәсілдерді сөз қылып, азаматтық қоғам мен мемлекет арасындағы диалогті нығайту мәселелерін талқылады.

Гүлнар ЖОЛЖАН,
«Egemen Qazaqstan»

Екі күнге созылған конференцияда спикерлер өз елдерінің тәжірибелерін ортаға салды. Пленарлық мәжілісте сөз алған Сенат төрағасы Мәулен Әшімбаев орталық пен өңірлер арасында басталған мемлекеттік қызметшілерді жүйелі ротациялау сөз жүзінде қалып қоймай, нақты іске асырылуға тиіс екенін айтты.

– Бүгінде көптеген жас азамат жауапты қызметтерге тағайындалып жатыр. Бұл – дұрыс. Мұндай саясатты толығымен қолдаймын. Алайда қазіргі таңда орталық мемлекеттік органдарда негізгі позицияларда жұмыс істейтін мамандардың көбінде аймақтарда жинаған тәжірибесі жоқ екені де жасырын емес. Сондықтан орталық пен өңірлер арасында мемлекеттік қызметшілерді жүйелі ротациялауды қамтамасыз етудің маңызы зор. Биыл наурыз айында Парламент «Мемлекеттік қызмет туралы» заң аясында қызметкерлерді ротациялау туралы норманы қабылдады. Бұл аталған үдерісті күшейтудің құқықтық және басқа да экономикалық негізін қалыптастырды. Енді ротация сөз жүзінде қалып қоймай, нақты іске асырылуға тиіс. Мұндай қадам қызметкерлерді негізгі позицияларға жылжыту кезінде нормаға айналуы керек. Қажет болған жағдайда Сенат осы бағыттағы тиісті заңнамаға жаңа өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселесін бірлесіп талқылауға дайын, – деді Мәулен Әшімбаев.

Сондай-ақ Сенат төрағасы мемлекеттік қызметшілердің құқықтық тұрғыда әлсіз қорғалғанын айтты. Осының салдарынан олар жауапкершілікті өз мойнына алудан және шешім қабылдаудан қорқады. Ал Президенттің бастамасымен қолға алынған әлеуметтік-экономикалық реформаларды тиімді іске асыру үшін жауапкершілікке дайын бастамашыл басқарушылар қажет. Сондықтан Палата спикері қазіргі заманғы технологияларды белсенді пайдалана отырып, жаңа формациядағы мемлекеттік қызметшілерді даярлауға баса мән беріліп жатқанын айтты.

– Елімізге білімді, білікті, бойына дұрыс құндылықтарды сіңірген басқарушылардың жаңа буыны қажет. Қазір мемлекеттік органдар үшін аналитиктер даярлау ісі де маңызды міндет болып саналады. Көптеген құрылымда сапалы талдау жасай алатын білікті мамандар жеткіліксіз. Былтыр біз Сенат жанынан «Талдау мектебін» құрдық. Мектеп аясында мамандардың екі тобын даярлап шығардық. Әр кезеңде екі ай бойы тәжірибелі қазақстандық және шетелдік аналитиктер, сарапшылар дәріс оқыды. Іріктеуден өткен жас тыңдаушыларға арнап тәжірибелік сабақтар ұйымдастырды. Осы жобаны іске асыру кезінде аналитиктерге сұраныстың жоғары екенін көріп, таңғалдық. Сол себепті, мемлекеттік басқару жүйесі үшін талдау дағдыларын меңгерген білікті мамандар даярлау жұмысын жүйелеудің маңызы зор. Осы бағытта Мемлекеттік қызмет істері агенттігімен, басқа да құрылымдармен, шетелдік мамандармен ынтымақтастық орнатуға дайынбыз, – деді Мәулен Әшімбаев.

Ал Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы Дархан Жазықбаев Қазақстанда жүргізіліп жатқан саяси реформалар ашықтық принципіне негізделген жаңа басқару мәдениетін қалыптастыруды көздейтінін атап өтті.

– Жаңа басқару мәдениеті «Ең алдымен адамдар» қағидатына негізделеді. Мемлекеттік органдар үшін негізгі мақсат – мемлекет пен қоғам қатынасын үйлестіруде бюрократияға жол бермейтін басқарудың проактивті, сервистік және азаматтардың сұраныстарына ден қоя алатын үлгісіне көшу. Сонда ғана біз шын мәніндегі жаңа басқару мәдениетіне көшіп, ашық Үкіметті қалыптастырамыз, – деді МҚІА басшысы.

Дархан Жазықбаевтың айтуынша, жаңа басқару мәдениетіне сай, еліміздегі реформалар, бағдарламалық құжаттар мен ұлттық жобалардың тиімділігі олардың халықтың әл-ауқаты мен өмір сүру сапасына тигізген оң әсерімен өлшенуі керек.

Мемлекеттік басқару академиясының ректоры Ерлан Әбіл басқа елдің тәжірибесін толықтай өзімізге қолдану – қате түсінік деген пікірде. «Қазақстанның жинаған өз тәжірибесі бар. Өзіміздің мәдениетімізге, құндылықтарымызға сай басқару моделін бейімдеу – күн тәртібіндегі мәселе», деді академия ректоры.

Дегенмен елдегі мемлекеттік басқару саласында жемқорлықтың жолын кесу мәселесі өзекті болып тұрғаны белгілі, осы орайда мамандар Қазақстанға Словения елінің қолға алған ісі бізге көмегін тигізетініне сенімді.

– Біз жемқорлықты алдын алу үшін Словенияда енгізілген платформаны Қазақстанда іс жүзінде қолданып көруді ұсынып отырмыз. 17 мамырда Словения елінің жемқорлыққа қарсы күрес қызметінің төрағасы елімізге келеді. Ол бізге бұл жүйенің қырсырын айтып, жүйесімен бөліспек. Менің білуімше бұл бірегей платформа, оған кіріп қандай мемлекеттік органның қандай мекеме, тұлғаларды қаржыландырып жатқанын білуге болады, – деді Мемлекеттік қызметтің Астаналық хабы басқарушы комитетінің төрағасы Әлихан Бәйменов.

Ал Бейбітшілік саласындағы Нобель сыйлығының лауреаты Рае Квон Чунг экономика тұрғысынан экология мәселесін қалай шешуге болатынын айтты. Оның айтуынша, Қазақстан да әлем елдері секілді климаттың өзгеруінен зардап шегіп отырған елдердің қатарында. Бұл мәселені шешу үшін нарықтық экономикадан тұрақты экономикаға ауысу қажет дейді шетел ғалымы.

Қолданыстағы қосымшалардың мүмкіндіктерін пайдалану арқылы қаржы шығармай-ақ мемлекеттік қызмет сапасын, мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыруға болады. Осы орайда «Әділдік жолы» РҚБ атқарушы директоры Дидар Смағұлов бірнеше ұсыныс жасады.

– Мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы мәселелерді шешу үшін бюджеттен қыруар қаржы бөлмей, нарықта бар қосымшаларды қолдауды ұсынамын. Яғни, қолданыстағы дүниелерді мемлекеттік басқару жүйесіне енгізу және мемлекеттің тиімділігін арттыру үшін пайдалану керек екенін айттым. Мысалы, 2gis қосымшасын 9 млн адам қолданады, пікірлерін сонда жазады. Бірақ мемлекеттік мекемелер онда жазылған пікірлерге жауап бермейді, ал жекеменшік компаниялар оны тиімді пайдаланып, қызмет көрсету сапасын арттырып отыр. Осы орайда мемлекеттік сатып алудың сапасын бақылау үшін бюджет қаржысына салынған мемлекеттік үйлерге, мектептерге, ауруханаларға қанша ақша бөлінді, жол сапасы қандай, оған қанша ақша бөлінді деген ақпаратты сол қосымша арқылы көрсетуге болады. Осылайша, халықтан кері байланыс алуға болады. Мемлекет нарыққа жаңаша көзқараспен қарауға тиіс, – деді Дидар Смағұлов.

Айта кетейік, іс-шараға Сенат төрағасымен бірге Президент Әкімшілігі Басшысының бірінші орынбасары Тимур Сүлейменов, БҰҰ-ның Қазақстандағы Тұрақты үйлестірушісі Микаэла Фриберг-Стори, экономика профессоры, Нобель сыйлығының лауреаты Рае Квон Чунг және басқа да отандық және шетелдік сарапшылар, ғалымдар, мемлекеттік органдардың, бизнес-құрылымдар мен азаматтық қоғам институттарының өкілдері қатысты.

Кесенеге қатысты кеңес

Президент тапсырмасына сәйкес Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин ЮНЕСКО және ИСЕСКО істері жөніндегі ұлттық комиссия шеңберінде Қожа Ахмет Ясауи кесенесін сақтау және оның техникалық ахуалы жөнінде кеңес өткізді.

Жиын барысында Ерлан Қарин мемлекеттік органдар және сарапшылар қауымдастығының өкілдерімен бірге кесененің бүгінгі жай-күйімен танысып шықты.

Түркістан облысы әкімдігінің, Мәдениет және спорт министрлігінің, ЮНЕСКО және ИСЕСКО істері жөніндегі ұлттық комиссияның өкілдері, археология және тарихи-мәдени мұраға жататын ескерткіштері сақтау бағытындағы мамандар қатысқан кеңесте Кесенені сақтау және дамыту бойынша кешенді жоспарының орындалуы, 2023 жылға жоспарланған жұмыстардың жобасы, ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мұра комитетінің 45-сессиясына дайындық мәселелері қаралды.

Мемлекеттік кеңесші ескерткішті дұрыс сақтау басты міндет екенін атап өтті. Осыған орай, мемлекеттік органдарға сарапшылар қауымдастығымен тығыз әрекет ете отырып, кесененің жағдайын үнемі бақылауда ұстау тапсырылды.

Бауырлас елдегі басқосу

Парламент Мәжілісінің төрағасы Ерлан Қошанов Түркі мемлекеттері Парламенттік Ассамблеясының XII пленарлық отырысына қатысты.

Қалмаханбет МҰҚАМЕТҚАЛИ,
«Egemen Qazaqstan»

Ерлан Жақанұлы Анкарада Түркия Республикасы Ұлы Ұлттық жиналысының төрағасы Мұстафа Шентоппен бірге Қазақстан-Түркия достық саябағының салтанатты ашылу рәсіміне қатысып, барша түрік халқын торқалы тоймен құттықтап, бақ-береке тіледі. Іс-шара Түркия Республикасының 100 жылдығымен тұспа-тұс келіп отыр.

«Қазақстан мен Түркия арасындағы қарым-қатынас кеңейтілген стратегиялық ынтымақтастық деңгейіне жетіп, барлық салада қарқынды дамып жатыр. Оған, әрине, мемлекеттеріміздің басшылары Қасым-Жомарт Тоқаев пен Режеп Тайип Ердоғанның нәтижелі келісімдерінің арқасында қол жеткізіп отырмыз. Алдағы уақытта да біз көшбасшыларымыздың екіжақты ынтымақтастықты күшейтуге бағытталған жұмысын Парламент деңгейінде жалғастыратын боламыз», деді Ерлан Қошанов.

Мәжіліс спикері саябақтың ашылуы түбі бір, мәдениеті мен тарихы ортақ тамырлас екі елдің достығы мен ынтымағын нығайта түсетінін атап өтті.

«Қазақта «Ағаш тамырымен, адам достарымен мықты» деген сөз бар. Біз Түркиямен достығымызды, бауырластығымызды жоғары бағалаймыз. Болашақта бұл саябақ Анкара тұрғындары мен қонақтары үшін әсем демалыс орнына айналады деп сенеміз», деді Мәжіліс спикері.

Саябақ Анкараның көне тарихи орталығы – Мамақ ауданында орналасқан. Ауданы 14 мың шаршы метр. Онда отбасылық демалыс, жүгіру және дене шынықтырумен айналысу үшін барлық жағдай жасалған. Саябақта Күлтегін, Білге қаған, Тоныкөк жазба ескерткіштері орнатылған. Сондай-ақ қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының мен дана философ Әл-Фарабидің мүсіндері бар.

Бауырлас екі ел арасындағы достықты тереңдету жайы Парламенттер спикерлерінің екеуара кездесуінде де әңгімеге арқау болды. Ерлан Қошанов әуелі Түркияда болған жойқын жер сілкінісі барша қазақ халқының қабырғасын қайыстырғанына тоқталып, көңіл айтты. Сонымен бірге алдағы уақытта Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен жер сілкінісі аумағында бірқатар әлеуметтік ғимараттың құрылысы жоспарланып отырған атап өтті.

Мәжіліс төрағасы Қазақстанның Түркиямен парламентаралық ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға мүдделі екенін айтты.

«Бүгінгі күнге дейін достық топтар мен парламенттік комитеттер деңгейіндегі ықпалдастығымыз оң нәтиже көрсетіп келді. Сондықтан бұл қарқынымызды бәсендетпей, белсенділік танытып, осы бағытта жұмысымызды жалғастыруымыз қажет. Бұл заңнама саласында жан-жақты тәжірибе алмасуға мүмкіндік береді. Біз барлық бағытта белсенді қызмет етуге дайынбыз», деді Ерлан Қошанов.

Кездесу соңында тараптар Мәжіліс пен Ұлы Ұлттық жиналысы арасындағы ынтымақтастық туралы хаттамаға қол қойды.

Сапар барысында Мәжіліс төрағасы Ерлан Қошанов тамырлас Түркия елінің астанасында өткен «Әділетті әлем үшін парламенттік дипломатия: энергетика, көші-қон, азық-түлік» тақырыбындағы Түркі мемлекеттері Парламенттік Ассамблеясының XII пленарлық отырысына қатысты. Алдымен ұйымға мүше елдер Қазақстан, Әзербайжан, Қырғызстан және Түркия Парламенті жетекшілері ТүркПА Кеңесі отырысында бас қосты. Мәжіліс спикері Түркия тарапына қонақжайлық танытып, бүгінгі іс-шараны жоғары деңгейде ұйымдастырғаны үшін ризашылық білдірді.

Биыл Түркі мемлекеттері Парламенттік Ассамблеясына 15 жыл толып отыр. Осы уақыт ішінде біраз шаруа атқарылды. Ассамблея әлеуеті мол бірлестік екенін дәлелдеп келеді. Кеңес отырысында Ассамблеяның жұмысын одан әрі жандандыру үшін бірқатар ұйымдастырушылық мәселе талқыланды. Жиында ұйымда төрағалық ету мәртебесі Қырғыз Парламентінің төрағасынан Түркия Парламенті басшысына салтанатты түрде тапсырылды. Сонан кейін ТүркПА-ға мүше елдер Парламенттерінің жетекшілері бірлестіктің XII пленарлық отырысына жиналды. Оған қонақ ретінде келген Түрікменстан Парламенті басшысы мен бақылаушы мәртебесіне ие Мажарстан Парламентінің өкілі қатысты. Ал Өзбекстан Олий Мажлисі Сенатының жетекшісі жиынға онлайн режімінде қатысты. Тараптар түркі дүниесінің келешегіне қатысты маңызды мәселелерді ортаға салды. Мәжіліс төрағасы өзара сенім мен достыққа негізделген ынтымақтастықтың арқасында түркі халықтарының бірлігі нығайып, дүниежүзілік қоғамдастықта беделі артып келе жатқанын атап өтті.

«Біздің мемлекет басшыларымыз түркі әлемінің дамуы жолында шексіз үлес қосып келеді. Осыдан бір жарым ай бұрын Анкарада Түркі мемлекеттері ұйымының кезектен тыс саммиті өтті. Онда көшбасшылар біздің бауырлас елдеріміз арасындағы өзара іс-қимылды одан әрі нығайтуға бағытталған маңызды шешімдер қабылдады. Осыған орай біз де өз тарапымыздан парламентаралық іс-қимыл арқылы көшбасшыларымыздың қарқынына ілесе білуіміз керек», деді Ерлан Қошанов.

Отырыс барысында күн тәртібіндегі энергетика, көші-қон және азық-түлік тақырыбы жан-жақты талқыланды. Бұл түркі мемлекеттері үшін өзекті мәселеге айналып отыр. Өз кезегінде, Мәжіліс спикері Ерлан Қошанов түркі кеңістігінде энергетикалық және азық-түлік қауіпсіздігін күшейтуге баса назар аударды. Көші-қон саласында да ынтымақтастықты арттыру қажет екенін айтты. Бұл мәселені жан-жақты талқылау үшін халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция ұйымдастыруды ұсынды. Ерлан Қошанов Қазақстан Түркі әлемінің қара шаңырағы ретінде түркі интеграциясының одан әрі дамуын қолдайтынын мәлімдеді.

«Биыл қазан айында Түркі мемлекеттері ұйымының 10-мерейтойлық саммиті түркі әлемінің алтын бесігі – киелі Түркістан шаһарында ұйымдастырылып, төрағалық Қазақстанға өтеді. Осы тұрғыда барлық түркі бірлестіктерімен бірігіп, «Түркі әлемінің келешегі-2040» бағдарламасын іске асыру бойынша іс-шаралар жоспарын қабылдауымыз қажет. Парламенттік Ассамблея ретінде оның орындалуын қадағалауға тиіспіз», деді Мәжіліс спикері.

Спикер осы бастамалардың барлығын парламенттік дипломатия арқылы іске асыруға, түркі халықтарының бірлігі мен достығын одан әрі нығайтуға шақырды. Отырыс соңында тараптар Анкара декларациясын қабылдады. ТүркПА-ның келесі XIII жиыны 2024 жылы Әзербайжанда өтеді.

«Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы аумағына құқық қорғау және арнаулы органдары қызметкерлерінің келу тәртібі мен өзара іс-қимылдары туралы шартқа қатысушы болмау ниеті туралы» Президенттің 2023 жылғы 26 сәуірдегі №230 Жарлығына түсіндірме

1997 жылғы 8 сәуірде Қазақстан Республикасы қылмыстарды анықтауға, ашуға және тергеп-тексеруге жәрдемдесу мақсатында Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы аумағына құқық қорғау және арнаулы органдары қызметкерлерінің келу тәртібі мен өзара іс-қимылдары туралы шартқа қол қойды.

Бүгінде Қазақстанның қылмыстық және қылмыстық-процестік заңнамасындағы елеулі өзгерістерге байланысты аталған Шарттың ережелері ескірді.

Бұған қоса, бұрын оны іске асыруға уәкілеттік берілген Қазақстан Республикасының ведомстволары *(Мемлекеттік тергеу және Мемлекеттік кеден комитеттері)* таратылды.

Оның үстіне, Шартта көзделген осы саладағы ынтымақтастық Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы шеңберінде жасалған басқа халықаралық келісімдермен:

– ТМД-ға мүше мемлекеттердің аумақтарында құқық қорғау органдары қызметкерлерінің болуы мен өзара іс-қимыл тәртібі туралы шартпен *(2000 жылғы 28 сәуірдегі №44-II ҚР Заңымен ратификацияланған)*;

– ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің адамдарды мемлекетаралық іздестіру туралы шартымен *(2013 жылғы 16 қазандағы №135-V ҚР Заңымен ратификацияланған)*;

– ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің адамдарды мемлекетаралық іздестіруді жүзеге асыру жөніндегі құзыретті органдарының регламентімен *(ТМД үкімет басшылары кеңесінің 30.10.2015 жылғы шешімімен бекітілген) реттеледі*.

Аталған Шарттың қолданылуын тоқтату мәселесі қырғыз тарапымен келісілген және қылмысқа қарсы іс-қимыл саласындағы екіжақты ынтымақтастық үшін теріс құқықтық салдарға әкеп соқпайды.

Осыған байланысты «Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Заңның 18-бабының 3-тармағына сәйкес Мемлекет басшысының Қазақстан тарапының аталған халықаралық шартқа қатысушы болмау ниеті туралы Жарлығы қабылданды.

Табиғатты аялау дәстүрі

Елордада «Жасыл Астана» экологиялық айлығы аясында қалалық сенбілік ұйымдастырылды. Іс-шараның негізгі мақсаты – қаланың тазалығын сақтау және экологиялық мәдениетті қалыптастыру мәселелеріне жұртшылықтың назарын аудару.

Сенбілікке Парламент Сенатының депутаттары мен Аппаратының қызметкерлері, Жас сарапшылар клубының мүшелері, «Талдау мектебінің» түлектері, Қазақстан Бочча федерациясының өкілдері, қоғам қайраткерлері мен экология саласындағы белсенді жандар қатысты.

Олар Ұлы дала даңғылының бойындағы тұрғын алабының маңына қарағай мен қайың, балқарағай мен шаған және қарақаттың жүздеген көшетін отырғызды.

Кейіннен Сенат спикері әлеуметтік желідегі парақшасында әріптестерімен бірге «Жасыл Астана» экологиялық акциясына қатысқаны туралы жазба қалдырып: «Елордамызды көгалдандыруға өз үлесімізді қостық. Жалпы, сенбілік – азаматтарды табиғатты аялауға жұмылдыратын және өзара ұйымшылдықты арттыратын жақсы дәстүр. Сондықтан қоршаған ортаны қорғауға үндейтін осындай игі істерді кеңінен дәріптегеніміз абзал», деді.

Демалыс күнін ауыстырды

Жұмыс уақытын ұтымды пайдалану мақсатында 2023 жылғы 1 шілде, сенбідегі демалыс күні 7 шілдеге, жұма күніне ауыстырылды. Қазақстан Үкіметі тиісті Қаулы қабылдады.

Осылайша, бес күндік жұмыс аптасында азаматтар 2023 жылы Астана күніне орай 6, 7, 8 және 9 шілдеде, яғни төрт күн қатарынан демалады.

Сенбі, 1 шілде жұмыс күні болады.

Демалыс күнін ауыстыру жұмыс істейтін азаматтар үшін мереке күндері уақытын алдын ала жоспарлауға мүмкіндік береді.

Депутаттар 110 түп көшет отырғызды

Палата спикері Ерлан Қошанов бастаған Мәжіліс депутаттары «Жасыл Астана» экологиялық науқаны аясында өткен жалпықалалық сенбілікке қатысты. Мәжілісмендер Ұлы дала даңғылының бойына қарағай, балқарағай, жөке, қарағаштың 110 түп көшетін отырғызды.

«Жыл сайын жалпықалалық сенбілік өткізу дәстүрге айналып келеді. Биыл да бұл игі іс-шара жалғасын тауып отыр», деп жазды бұл іс-шара жөнінде Палата спикері Facebook әлеуметтік желідегі парақшасында.

«Сенбілік – ең алдымен, халықты ұйыстырады. Ұжымдық еңбек – қоғамды біріктіреді. Екіншіден, бұған тәртіп әрі тәрбие деп қарауымыз керек. Қоршаған ортаға деген қамқорлық осыдан туады. Үшіншіден, өзіміз тұрып жатқан ортаның, әр қаланың, әр елді мекеннің тазалығын қамтамасыз ету, көгалдандыру ол – ортақ міндетіміз, баршамыздың бұлжымас парызымыз», деген Ерлан Қошанов сенбілікке еліміздің әрбір азаматы белсене қатысуы керек деген ой тұжырымын да жеткізеді.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қаланы абаттандыруға, табиғатты қорғауға әрдайым зор көңіл бөліп келеді. Президентіміз алдымызға «Қазақстан болашақта жасыл елге айналуы керек» деген талап қойды.

«Жүз жылдығын ойлаған халық ағаш егеді» деген атадан қалған ұлағатты сөз бар. Бүгін, міне, елордамызды қоқыстан тазартып қана қоймай, ата салтын жалғап, мыңдаған көшет отырғызып жатырмыз. Депутаттар да белсенділік танытуда. Ұлы дала даңғылының бойында 110 түп ағаш ектік.

Сенбілікке барша қала тұрғындары атсалысып жатыр. Әсіресе, жастарымыздың Астанамызды жасыл желекке айналдыруға деген ықыласы ерекше қуантады. Осының барлығы жайқалып, қаламызды көркейтіп, халқымыздың игілігіне жарайды деп кәміл сенемін», деді Палата төрағасы.

Жалпықалалық сенбілікке қатысты

Премьер-министр Әлихан Смайылов Үкімет Аппаратының қызметкерлерімен бірге «Жасыл Астана» жалпықалалық сенбілікке қатысты.

Ұлы дала даңғылының бойына жағалай жасыл желек, оның ішінде қарағай, балқарағай, қайың, қарақат сияқты 120-ға жуық көшет егілді.

Сондай-ақ елордада мемлекеттік мекемелер мен жеке кәсіпорындар ұжымдары және қала тұрғындары іргелес аумақтар мен су жағалауларын тазалап, ағаш екті.

Айта кетейік, Астанада 6 мамырға дейін дәстүрлі экологиялық іс-шара аясында сенбіліктер мен басқа да «жасыл» акциялар легі жалғасады.

Елшімен кездесті

Премьер-министр Әлихан Смайылов пен АҚШ елшісі Дэниел Розенблюм Қазақстан Республикасы мен Америка Құрама Штаттары арасындағы екіжақты ынтымақтастықтың өзекті мәселелерін талқылады.

Тараптар сауда-экономика саласындағы қазіргі жағдайды және энергетика, көлік-логистика, ауыл шаруашылығы, денсаулық сақтау, білім беру, экология салаларындағы қарым-қатынастарды нығайту перспективаларын және басқа да мәселелерді талқылады.

Премьер-министр Қазақстан АҚШ-ты екіжақты және көпжақты форматтағы стратегиялық серіктесі санайтынын атап өтті. Бүгінде елімізде 900-ден астам бірлескен кәсіпорын табысты жұмыс істеп келеді.

«Біз Америка Құрама Штаттарымен бұған дейінгі тиімді ынтымақтастығымызды күн тәртібіндегі кең ауқымды өзара іс-қимыл бойынша одан әрі тереңдетуге және нығайтуға ниеттіміз», деді Әлихан Смайылов.

Үкімет басшысы былтыр елдер арасындағы тауар айналымы шамамен 40%-ға өсіп, 3,1 млрд доллар болғанын атап өтті. Осы ретте Қазақстан сауда көлемін одан әрі арттыруға әлеуетті және құны 800 млн доллар болатын 90 тауар түрінің экспортын арттыруға дайын.

АҚШ – Қазақстанға тікелей инвестиция тарту бойынша көшбасшы елдердің бірі. Былтыр американдық инвестиция екі есеге жуық өсіп, 5,1 млрд доллардан асты. Бұл – пандемияға дейінгі рекордтық деңгейге тең көрсеткіш.

Өз кезегінде, Дэниел Розенблюм Қазақстан-Америка қарым-қатынастарын ортақ мүдде негізінде одан әрі дамытуға зор әлеует бар екенін атап өтті.

«Біз инвестициялық көрсеткіштерді нығайтып, екіжақты тауар айналымын арттырғымыз келеді. АҚШ компаниялары Қазақстанда түрлі салалардағы қызмет ауқымын кеңейтуге мүдделі. Бұл тау-кен металлургия кешені, ауыл шаруашылығы, денсаулық сақтау саласы, ақпараттық-коммуникация және жасыл технологияларға, сондай-ақ көлік саласына қатысты», деді Дэниел Розенблюм.

Сондай-ақ ол биылғы жазда түрлі секторда қызмет ететін 20-ға жуық американдық компания іскерлік мақсатта Қазақстанға келуді жоспарлап отырғанын айтты.

Кездесу қорытындысы бойынша тараптар ынтымақтастықтың өзара тиімді барлық бағыты бойынша байланыстарды белсенді түрде жалғастыруға дайын екендіктерін растады.

Түркістан облысы жұртшылығымен жүздесу

Түркістан облысына жұмыс сапары аясында Премьер-министрдің орынбасары Алтай Көлгінов Ордабасы ауданындағы «Ауыл аманаты» бағдарламасына қатысушы кооперативтердің өкілдерімен, Қазығұрт ауданы Шарапхана ауылының тұрғындарымен, сондай-ақ Сарыағаш қаласы аудандық ауруханасының медицина қызметкерлерімен кездесті.

«Ауыл аманаты» бағдарламасын жүзеге асыруға республикада 100 млрд теңге қарастырылған. Түркістан облысында 19,8 млрд теңгені игеру жоспарлануда. Өңірге 11 млрд теңге аударылды.

Ордабасы ауданының Бадам және Шұбар ауылдық округтерінде ауыл тұрғындарының басын біріктірген жеті кооператив «Ауыл аманаты» бағдарламасына атсалыспақ.

Кооператив мүшелері Премьер-министрдің орынбасарына жылыжай ұйымдастыруға арналған техника, құрал-жабдықтар, сондай-ақ асыл тұқымды мал, бұқалар мен тауықтар сатып алу жөніндегі жобалары мен жоспарлары туралы баяндады.

Сондай-ақ Премьер-министрдің орынбасары облыс әкімдігі ӘКК-мен бірлесіп, «Ауыл аманаты» жобасы аясында ауыл тұрғындарын жеңілдетілген шағын несиелендіруге өтінімдерді тезірек қабылдауды қолға алуы және бұл туралы ақпаратты барлық мүмкін болатын ресурстарға орналастыру қажеттігін баса айтты.

Түркістан облысына сапары аясында Премьер-министрдің орынбасары Қазығұрт ауданындағы Шарапхана ауылының тұрғындарымен кездесу өткізіп, оларды толғандыратын мәселелер туралы тыңдады.

«Шешуді қажет ететін мәселелер көп. Ауыл тұрғындарын да, қала тұрғындарын да медицина мен білім сапасы, жұмыспен қамту, өз ісін ашу, әлеуметтік қамсыздандыру мәселесі алаңдатады. Бүгінде республикада азаматтардың өмір сүру деңгейін арттыруға бағытталған мемлекеттік бағдарламалар жүзеге асырылуда, мектептер мен денсаулық сақтау нысандары салынуда. Осының барлығы бала толы мектептер, кадр тапшылығы, халықты жұмыспен қамту және т. б. бірқатар мәселені шешеді», деді Алтай Көлгінов.

А.Көлгінов кейінгі кездесуін Сарыағаш қаласындағы аудандық ауруханың медицина қызметкерлерімен өткізді. Онда дәрігерлердің мәртебесін көтеру, денсаулық сақтау нысандарын заманауи құрал-жабдықтармен қамту, біліктілігін арттыру және мамандандыру тақырыптары талқыланды.

Президенттің 2023 жылғы бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы сыйлықтары, гранттары және Алғысы туралы ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазақстан Республикасы Президентінің Баспасөз қызметі Мемлекет басшысының 2023 жылғы БАҚ саласындағы сыйлықтары мен гранттарын, сондай-ақ Алғысын алуға үміткерлерден ұсынымдар қабылдау басталғанын хабарлайды.

Сыйлықтар мен гранттар алуға үміткерлерді, сондай-ақ Алғыс жариялауға шығармашылық ұжымдарды БАҚ, шығармашылық одақтар, қоғамдық бірлестіктер, мемлекеттік органдар ұсына алады.

Әрбір БАҚ, шығармашылық одақ, қоғамдық бірлестік, мемлекеттік орган сыйлықтар мен гранттар алуға **екі үміткер ғана** ұсынуға құқылы. Гранттар **жасы отыз бестен аспаған** жас журналистерге беріледі.

Грант иегері атанған тұлға сыйлық алу үшін **кемінде бес жылдан кейін** ұсынылады.

Сыйлықтар мен гранттар алуға үміткерлердің және Алғыс жариялауға шығармашылық ұжымдардың өзін-өзі ұсынуына жол берілмейді.

Сыйлықтар немесе гранттар алуға бұқаралық ақпарат құралының, шығармашылық одақтың, қоғамдық бірлестіктің, мемлекеттік органның ресми бланкісіне жазылған, бірінші басшы немесе оның орнындағы адам қол қойған (А4 форматтағы көлемі 2 парақтан аспайтын) ұсыным жолданады. Оған мынадай құжаттар қоса ұсынылады:

- сыйлықтар немесе гранттар алуға ұсынылған үміткердің аты, әкесінің аты, тегі және шығармашылық бүркеншік есімі (егер болса), сондай-ақ атқаратын лауазымы көрсетілген негізгі жұмыс орнынан анықтама;
- сыйлықтар немесе гранттар алуға ұсынылған үміткердің жеке куәлігінің немесе төлқұжатының көшірмесі;
- сыйлықтар немесе гранттар алуға ұсынылған үміткердің шығармашылық қызметінің қысқаша сипаттамасы;
- негізгі жарияланымдарының тізімі және олардың көшірмелері, аудио және (немесе) бейнематериалдар немесе сондай материалдардың интернет-сілтемелерінің тізімі.

Алғыс жариялауға шығармашылық одақтың, қоғамдық бірлестіктің, мемлекеттік органның ресми бланкісіне жазылған, бірінші басшы немесе оның орнындағы адам қол қойған бұқаралық ақпарат құралының қызметі туралы (А4 форматтағы көлемі 2 парақтан аспайтын) ұсыным ұсынылады.

Конкурсқа мән-маңызы жоғары негізгі жарияланымдар, аудио және (немесе) бейнематериалдар немесе сондай материалдардың интернет-сілтемелерінің тізімі ұсынылады.

Қарауға **2022 жылғы 1 маусым мен 2023 жылғы 31 мамыр аралығында** жарияланған және (немесе) эфирге шыққан материалдар қабылданады.

Сыйлықтар, гранттар алуға және Алғыс жариялауға ұсынылған материалдар мен құжаттар қайтарылмайды.

Кітаптар БАҚ саласындағы наградалар алуға ұсынылған материал ретінде қарастырылмайды. Мерзімді басылымдарда жарық көрген мақалалар топтамасын ұсынуға болады.

Мемлекет басшысының сыйлықтарын, гранттарын алуға және Алғысын жариялауға ұсынымдарды Қоғамдық комиссияның төрағасы, Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Басшысының орынбасары – Президенттің Баспасөз хатшысы Р.С.Желдібайдың атына **2023 жылғы 31 мамырға дейін** мына мекенжай бойынша: 010000, Астана қ., «Ақорда» резиденциясына жолдау қажет.

Қағаз түрінде жолданатын құжаттар пошта қызметі арқылы жоғарыда көрсетілген мекенжайға жіберіледі немесе «Үкімет үйі» ғимаратында (Астана қ., Мәңгілік ел даңғылы, 6) орналасқан Президент Әкімшілігі Жалпы бөлімінің Қызметтік хат-хабар секторы арқылы **жұмыс күндері сағ. 09:00-15:30 аралығында** (түскі үзіліс сағ. 13:00-14:30), **сенбі күні сағ. 10:00-11:00** аралығында қабылданады.

Мемлекеттік органдардың ұсынымдары электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесі арқылы тек электрондық форматта ғана қабылданады, бұл қосымшалары электрондық тасымалдағыш (диск) арқылы жолданатын ұсынымдарға қатысты емес.

Байланыс нөмірлері: +7 (7172) 74-40-81, 74-40-51.

Қазақстан Республикасы Президентінің Баспасөз қызметі

«Qazaq Forum»: жаңа медиа мүмкіндігі

Елордада қазақ тілінде онлайн контент жасаушылардың VI форумы өтті. Жылдағы дәстүрге сай танымал блогерлер мен медиа саласы мамандарының басын қосқан алқалы жиынға биыл «Жасанды интеллект дәуірі: қазақ медиасын қайта зерделеу» тақырыбы арқау болды.

Ескендір ЗҰЛҚАРНАЙ,
«Egemen Qazaqstan»

Форумға қатысқан Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлі ғаламтордағы мемлекеттік тіл аясының кеңеюі үшін жасалып жатқан ауқымды жұмыстарға тоқталды. Министрдің айтуынша, қазіргі күні мемлекеттік медиадағы қазақ тілінің үлесі 83 пайызға жеткен.

– Мемлекеттік тілдің БАҚ-тағы үлесі арта түсті. Мысалы, өткен жылы мемлекеттік БАҚ-тағы қазақ тіліндегі контенттің үлесі 83 пайызды құрады. Атап айтқанда, телеарналардағы қазақ тілінің үлесі 77 пайызға жетсе, баспа БАҚ-та – 85 пайыз, интернет-ресурстарда 87 пайызға жетті, – деді ол.

Дархан Қуандықұлы медиа нарықта қазақтілді БАҚ-қа жарнама берушілер қатары да артып келе жатқанын жеткізді. Оның сөзінше, отандық ресурстарда PR мақалаларды орналастыру көлемі өсіп жатыр.

– Осы ретте, интернет-жарнаманы реттеу, әлеуметтік желілердегі интерфейс пен жарнамалық алгоритмдерді, монетизациялау жүйесін қазақ тілінде жасау өте маңызды. Аталған мәселе министрлік әзірлеп жатқан «Интернет жарнама және онлайн платформалар туралы» заң жобасында қарастырылып жатыр. Жалпы, бұл заң жобасы бірінші кезекте азаматтардың құқығын қорғауға, онлайн ортаны қауіпсіз және ашық түрде дамытуға бағытталған. Бүгінде БАҚ саласындағы заңнаманы жетілдіру жұмыстары жүріп жатыр, – деді министр.

«Qazaq Forum» отандық контент жасаушылар форумы қазақ тіліндегі жаңа медианың дамуына серпін беретін жиын екенін айтқан Дархан Қыдырәлі министрлік тарапынан әлемдегі соңғы үрдістерді ескере отырып, жаңа цифрлық медиа мен креативті индустрияны дамыту жөніндегі жұмыстарды жандандыру көзделіп отырғанын жеткізді. Қазіргі күні «Meta», «TikTok», «Google», «Mail.Ru Group», «LinkedIn», «Netflix» компанияларымен келіссөз жүргізіліп, тығыз қарым-қатынас орнатылған.

– Келіссөздер нәтижесінде «Мета» компаниясына қарасты Instagram, Whatsapp, Facebook, Messenger-дің еліміз бойынша ресми өкілдері айқындалды. Сондай-ақ «TikTok» корпорациясының аймақтық кеңсесі ашылды. Facebook пен TikTok-тің интерфейсін қазақшалау бойынша келісімдер жасалды. TikTok компаниясымен 13 жасқа толмаған балалардың платформаны пайдалануын және зиянды мазмұнды контенттерді бірлесіп анықтайтын боламыз. Мұның бәрі бізге үлкен жауапкершілік жүктейді, – деді министр.

Форумға қатысқан спикерлердің айтуынша, қазіргі күні ел халқының 45-50 пайызы әлі күнге дәстүрлі медианы тұтынады. Яғни теледидар көріп, радио тыңдап, газет-журнал оқитын адамдар қатары азайған емес. Осыған орай Ақпарат және қоғамдық даму министрі соңғы уақытта қол жеткізілген жағымды жаңалықпен бөлісті. Бұдан былай халық газет-журналға жазылу үшін пошта бөлімшесіне барып жүрмейді, үйінде отырып-ақ kaspi.kz қосымшасы арқылы жазыла алатын болды.

– «Kaspi Bank»-пен әріптестік байланыс орнатып, баспасөзге онлайн жазылу бойынша келісімге келдік. Мұндай қадамдар жазылушыларға оңтайлы жолдар ұсынып, олардың қатарын арттырады деген сенімдеміз, – деді министр.

Оның айтуынша, әзірге қосымша арқылы 18 басылымға жазылуға мүмкіндік бар. Соның ішінде оқырмандарымыз «Қазақ газеттері» ЖШС-на қарайтын «Egemen Qazaqstan», «Казахстанская правда» және «Ana tili» газеттеріне де онлайн жазыла алады. Аталған газет-журналдарға жазылу үшін Kaspi.kz қосымшасына кіріп, «Төлемдер», оның ішінде «Басқасы» деген батырманы басып, «ҚР Баспа басылымдары» деген бөлімге өтесіз, әрі қарай қажет басылымды таңдап, төлем жасай аласыз.

Биылғы «Qazaq Forum»-да «Монетизация. Неге бәрі мұз?», «Immersiveness. Қазақстандық журналистика жаңа трендтерге дайын ба?», «From TV to YouTube: бейімделу, тенденция және жаңа мүмкіндіктер», «Танымдық контенттің әлеуеті» тақырыптарында панельдік сессиялармен қатар, «Подкасты қалай жүзеге асыру керек?», «Медиа желіде жасанды интеллекті қолдану тәсілдері» атты шеберлік сыныптары өтті.

Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының «2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 811-бабы екінші бөлігінің, 852-бабы бірінші бөлігінің және 855-бабы үшінші бөлігі 2) тармақшасының Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін қарау туралы» 2023 жылғы 28 сәуірдегі № 12 нормативтік қаулысы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты Төраға Э.Ә.Азимова, судьялар А.Қ.Ескендіров, Қ.Т.Жақыпбаев, А.Е.Жатқанбаева, А.Қ.Қыдырбаева, Қ.С.Мусин, Б.М.Нұрмұханов, Е.Ә.Оңғарбаев, Р.А.Подопригора, Е.Ж.Сәрсембаев және С.Ф.Ударцев қатысқан құрамда,

өтініш субъектісі С.О. Жунусованың өкілі – адвокат Ж.О. Дюсембаеваның,

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының өкілі – депутат А.С.Арғынбековананың,

Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің өкілі – төрағаның бірінші орынбасары Д.М.Малаховтың,

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің өкілі – вице-министр А.Қ.Мұқановананың,

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының өкілі – Бас Прокурордың кеңесшісі Т.Б.Адамовтың қатысуымен,

өзінің ашық отырысында Сауле Орынбаевна Жунусованың 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің (бұдан әрі – ӘҚБК) 811-бабы екінші бөлігінің, 852-бабы бірінші бөлігінің және 855-бабы үшінші бөлігі 2) тармақшасының Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін тексеру туралы өтінішін қарады.

Баяндамашы – Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының судьясы Р.А.Подопригораның хабарламасын тыңдап, конституциялық іс жүргізу материалдарын зерделеп, халықаралық тәжірибеге, Қазақстан Республикасының және жекелеген шет елдердің заңнамасына талдау жасай отырып, Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты

анықтады:

Қазақстан Республикасының Конституциялық Сотына С.О.Жунусованың ӘҚБК-нің 811-бабының екінші бөлігін, 852-бабының бірінші бөлігін және 855-бабы үшінші бөлігінің 2) тармақшасын Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-бабына және 14-бабының 1-тармағына сәйкес келмейді деп тану туралы өтініші келіп түсті.

2022 жылғы 21 сәуірде С.О. Жунусова әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қысқартылған іс жүргізу (ӘҚБК-нің 42-тарауы) тәртібімен әкімшілік жауаптылыққа тартылған. Істі Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаментінің лауазымды адамы қозғаған. С.О.Жунусова айыппұлды жеті тәулік ішінде ӘҚБК-нің Ерекше бөлігі тиісті бабының санкциясында көрсетілген соманың елу пайызы мөлшерінде ерікті түрде төлеген. ӘҚБК-нің 811-бабының екінші бөлігіне сәйкес мұндай жағдайда іс мәні бойынша қаралды, шешім заңды күшіне енді, ал адам әкімшілік жауаптылыққа тартылды деп есептеледі. Осы бөлікте, ӘҚБК-нің істерді жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта қарау туралы айтылатын 47-тарауында көзделген жағдайларды қоспағанда, қысқартылған іс жүргізу тәртібімен қаралған істер қайта қарауға жатпайды деп бекітілген.

Кейінірек С.О.Жунусова өзінің әрекеттерінде әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық құрамы жоқ деп есептейді, соған байланысты ол Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаментіне материалдарды жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта қарау туралы өтінішпен жүгінеді. Қарау нәтижелері бойынша 2022 жылы 7 қазанда аталған органның қаулысымен С.О.Жунусоваға өтінішін қанағаттандырудан бас тартылады. Мемлекеттік органның пікірі бойынша, С.О.Жунусованың жаңадан ашылған мән-жайлар жөніндегі дәлелдері расталмаған.

С.О.Жунусова жоғарыда аталған қаулыға Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотына шағым береді. 2022 жылы 19 желтоқсанда сот С.О.Жунусованың шағымын қанағаттандырып, мемлекеттік орган қаулысының күшін жояды. Бұл ретте сот ӘҚБК-нің 811-бабының екінші бөлігіне, 852-бабына және 855-бабы үшінші бөлігінің 2) тармақшасына сілтеме жасай отырып, іс жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта қарауға жатпаған деп есептейді. Өтініш конституциялық іс жүргізуге қабылданғаннан кейін Шығыс Қазақстан облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы (2023 жылғы 9 наурыздағы қаулысы) аталған қаулының күшін жояды, ал Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаментінің 2022 жылғы 7 қазандағы шешімі өзгеріссіз қалдырылады.

Өтініш субъектісі өзін істі, оның ішінде жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта қарау құқығынан айыратын, ӘҚБК-нің 811-бабының екінші бөлігі, 852-бабының бірінші бөлігі және 855-бабы үшінші бөлігінің 2) тармақшасы Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-бабына және 14-бабының 1-тармағына сәйкес келмейді деп есептейді, соған байланысты оларды конституциялық емес деп тануды сұрайды.

Өтініш нысанасына қатысты ӘҚБК-нің 811-бабы екінші бөлігінің, 852-бабы бірінші бөлігінің және 855-бабы үшінші бөлігі 2) тармақшасының конституциялылығын тексерген кезде Конституциялық Сот мыналарды негізге алады.

1. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізудің екіжақты құқықтық табиғаты бар. Бір жағынан, ол сот істерін (азаматтық, қылмыстық, әкімшілік істермен қатар) жүргізу түрі болып табылады. Екінші жағынан, түрлі уәкілетті мемлекеттік органдар сот процесі шеңберінен тыс жүзеге асыруы мүмкін және осы мағынада «квазисот» ісін жүргізуді білдіреді.

Мұндай екіжақты сипат әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша соттан тыс іс жүргізуде жалпыққұқықтық қағидаттардың және конституциялық құқықтарды қоса алғанда, азаматтар құқықтарының, сондай-ақ процестік қызметке жататын, оның ішінде ӘҚБК-де тікелей бекітілген арнайы қағидаттардың (2-тарау) сақталуын жоққа шығармайды.

Мәселен, өзінің құқықтары мен бостандықтарын заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғау құқығы (Конституцияның 13-бабының 1-тармағы) әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарын қорғау тәсілін еркін таңдауын болжайды. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша соттан тыс іс жүргізу кезінде бұл құқық уәкілетті органдар шығарған әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша қаулыға жоғары тұрған уәкілетті органға немесе сотқа шағым жасауға, жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта қарау туралы арыз беруге, прокуратура органдарына жүгінуге мүмкіндік береді.

Өзінің құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалу құқығы (Конституцияның 13-бабының 2-тармағы) әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізу барысында уәкілетті органдардың актілері мен әрекеттеріне сотқа шағым жасау, жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта қарау туралы арыз беру мүмкіндігін көздейді.

Конституциялық ережені дамыту үшін ӘҚБК-де 24-бап бар, оған сәйкес әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына құқығы бар. Мүдделі тұлға бұзылған немесе даулы құқықтарын, бостандықтарын немесе заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау үшін заңда белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқылы.

Конституциялық тең болу қағидаты (Конституцияның 14-бабы) ӘҚБК-нің 9-бабында қайталанады: «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізу барысында заң мен сот алдында бәрі тең. Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге де мән-жайлар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды». Осылайша, бұл қағидат ӘҚБК-нің тиісті ережелерін тұжырымдау кезінде де, құқық қолдану практикасы процесінде де міндетті түрде сақталуға тиіс.

2. Көрсетілген тәсілдер Қазақстан Республикасы орындау міндеттемесін өзіне алған халықаралық құқықтық актілердің ережелерімен ұштасады. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы 2005 жылғы 28 қарашадағы Заңымен ратификациялаған 1966 жылғы 16 желтоқсандағы Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің 14 және 26-баптарында соттар мен трибуналдар алдында тең болу, істі құзыретті, тәуелсіз және әділ соттың әділетті және жария талқылау құқығы (14-бап), заң алдында тең болу (26-бап) туралы айтылады. Бұл құқықтар сот рәсімдерінде де, өзінің сипаты бойынша сот рәсімі болып табылатын рәсімдерде де сақталуға тиіс (14-бапқа Біріккен Ұлттар Ұйымының Адам құқықтары жөніндегі комитетінің 2007 жылғы 23 тамыздағы № 32, CCPR/C/GC/32 жалпы тәртіп ескертпесі: соттар мен трибуналдар алдында тең болу және әркімнің әділ сот талқылауына құқығы).

3. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша қысқартылған іс жүргізу уәкілетті мемлекеттік органдар да, соттар да қарайтын істер бойынша мүмкін болады. Ол үшін белгілі бір шарттар бар:

ол айлық есептік көрсеткіштің белгілі бір мөлшеріне сәйкес келетін айыппұлға қатысты ғана қолданылады;

құқық бұзушылық жасаған адамның анықталуы;

адамның құқық бұзушылық жасау фактісін мойындауы;

адамның ӘҚБК-нің Ерекше бөлігі бабының санкциясында көрсетілген соманың елу пайызы мөлшерінде айыппұл төлеуге келісуі;

адамның ұсынылған дәлелдемелерге шағым жасамауы;

құқық бұзушылық үшін санкция ескертуден өзге, басқа өндіріп алу түрлерін көздей алмайды;

адамның артықшылықтарға және иммунитетке ие болмауы.

Қысқартылған іс жүргізу кейбір іс санаттары (мемлекеттік кіріс органдары, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган қарайтын іс) бойынша мүмкін емес.

4. Қысқартылған іс жүргізуде құқық бұзушылық жасау фактісін мойындау және әкімшілік жауаптылықты көтеруге дайын болу ескеріле отырып, кәдімгі іс жүргізуде болатын рәсімдер алып тасталады.

Сондай-ақ қысқартылған іс жүргізуде әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулы сияқты процестік құжат шығарылмайды, бұл ӘҚБК-де адамды әкімшілік жауаптылыққа тарту жағдайларының көпшілігі үшін көзделген.

ӘҚБК-нің 811-бабының екінші бөлігіне сәйкес айыппұлды көрсетілген айыппұл сомасының елу пайызы мөлшерінде жеті тәулік ішінде төлеген жағдайда іс мәні бойынша қаралды, шешім заңды күшіне енді, ал адам әкімшілік жауаптылыққа тартылды деп есептеледі.

Арнайы процестік құжатқа нұсқаудың болмауы жауаптылыққа тарту туралы шешім жоқ дегенді білдірмейді. ӘҚБК-нің 811-бабы екінші бөлігінің өзі заңды күшіне енген шешімді ескертеді. Мұндай шешім конклюденттік нысанда, яғни уәкілетті органның лауазымды адамының белгілі бір әрекеттерді жасауы: құқық бұзушылық және өндіріп алу туралы хабарлау, деректерді ақпараттық жүйелерге енгізу, қысқартылған іс жүргізу негіздері мен тәртібін түсіндіру, әкімшілік айыппұл төлегені туралы түбіртек беру (қажет болған жағдайда) арқылы қабылданады. Ұқсас әрекеттерді жалпы тәртіппен жүзеге асырылатын іс жүргізуде шығарылатын әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулы алмастырады.

Әкімшілік құқық бұзушылық автоматты режимде жұмыс істейтін сертификатталған арнайы техникалық бақылау-өлшеу құралдарымен және аспаптармен тіркелген жағдайда, айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқама шығарылады. Бұл нұсқама көлік құралының меншік иесіне (иесіне) жіберіледі немесе табыс етіледі. Нұсқамамен бірге белгіленген үлгідегі түбіртек жеткізіледі (ӘҚБК-нің 811-бабының бірінші бөлігі). Ұқсас жағдайларда, қысқартылған іс жүргізудің өзінде іс бойынша шешім нұсқама түрінде (яғни жазбаша құжат нысанында) ресімделеді.

Осылайша, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша қысқартылған іс жүргізу тәртібіне уәкілетті органның шешімі болады, ол не конклюденттік нысанда, не нұсқама нысанында шығарылады. Адамның жалпы немесе қысқартылған іс жүргізу тәртібін таңдауы одан әрі іс жүргізу сатыларындағы оның құқықтық мүмкіндіктеріне себепші болады.

Бұл ретте, егер адам қысқартылған іс жүргізу тәртібінен бас тартса, шешім анағұрлым кеш мерзімге ауыстырылады және жалпы тәртіппен жүзеге асырылатын іс жүргізу шеңберінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулы нысанында қабылданады. Әкімшілік құқық бұзушылық сертификатталған арнайы техникалық бақылау-өлшеу құралдарымен және аспаптармен тіркелген жағдайда, шешім (нұсқама) кеш мерзімге ауыстырылмайды, бірақ жеңілдікпен төлеу үшін белгіленген мерзім өткеннен кейін айыппұл сомасы ұлғаяды.

5. Қысқартылған іс жүргізуге тән мән-жайларды, ерекшеліктерді, жеңілдіктерді ескере отырып, заң шығарушы, жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта қарауды қоспағанда, қысқартылған іс жүргізу қағидалары бойынша шығарылған шешімдерді қайта қарау мүмкіндігін алып тастады, бұл формалды көзқарас тұрғысынан өзінің құқықтары мен бостандықтарын заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғау құқығын, сот арқылы қорғалу құқығын бұзуды (уәкілетті органға, сотқа шағым беруге мүмкіндіктің болмауы) немесе тең болу қағидатын бұзуды (қандай да бір тәртіппен әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуге қатысу негіздері бойынша кемсіту) куәландыруы мүмкін.

Сонымен бірге, заң адамды қысқартылған іс жүргізу тәртібінің қатысушысы болуға мәжбүрлемейді. Айыппұл сомасының елу пайызын төлеу түріндегі жеңілдік ынталандырады, бірақ адамды осындай тәртіпті пайдалануға міндеттемейді. ӘҚБК баламаны: іс жүргізудің барлық сатысын, оның ішінде сотта шағым жасауды қамтитын жалпы іс жүргізу тәртібін ұсынады. Қысқартылған немесе жалпы іс жүргізу тәртібі туралы шешімді адамның өзі қабылдайды. Бұдан басқа, ӘҚБК адамға қандай (жалпы немесе қысқартылған) тәртіпті пайдалану туралы шешім қабылдау үшін уақыт аралығын береді.

Адам шешімді қайта қарау мүмкіндігінің болмауын қоса алғанда, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша қысқартылған іс жүргізу тәртібін таңдау салдары туралы білген, адамның тәртіп түрін, оның ішінде сот арқылы қорғалуға жүгінуге мүмкіндік беретін түрін таңдауы болған кезде шешімді қайта қарау мүмкіндігінің болмауын өзінің құқықтары мен бостандықтарын заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғау конституциялық құқығын, сондай-ақ сот арқылы қорғалу құқығын бұзу деп тануға негіздер жоқ.

6. Алдыңғы тармақта көрсетілген жағдайлар тең болу қағидатының бұзылуын бағалауға қолданылады. Адам балама бола тұра, өзінің құқықтарын шектеуге немесе өзінің құқықтарын мемлекет қорғайтын басқа деңгейге ерікті түрде келісім береді және орнына жеңілдік алады, бұған әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша жалпы тәртіппен іс жүргізуге қатысатындар ие болмайды. Бұл да аталған жағдайда тең болу құқығының бұзылмайтынын куәландырады.

7. Қысқартылған іс жүргізу тәртібімен қаралған істерді жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта қарау мүмкін болатын бөлікте ӘҚБК-нің 811-бабының екінші бөлігі өзінің құқықтары мен бостандықтарын заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғау, сот арқылы қорғалу және заң мен сот алдында тең болу конституциялық құқықтарын ешқандай да бұзбайды, керісінше, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуде осы конституциялық ережелердің сақталуын куәландырады.

8. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша заңды күшіне енген қаулыларды, айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқамаларды және оларға шағымдарды қарау нәтижелері бойынша қаулыларды жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта қарау туралы процестік ережелерді формалды қамтитын ӘҚБК-нің 852-бабының бірінші бөлігі және 855-бабы үшінші бөлігінің 2) тармақшасы әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша қысқартылған іс жүргізу барысында шешім қабылданатын жағдайларға (нұсқамаларды қайта қарауды қоспағанда) расында есептелмеген. Осыған ұқсас проблема өтініш субъектісі дау айтпайтын ӘҚБК-нің 47-тарауының басқа баптарында да бар (853-баптың бірінші бөлігі, 855-баптың екінші бөлігінің 4) тармақшасы, 856-баптың бірінші бөлігі, 857-баптың бірінші бөлігі, 859 және 860-баптары).

Бұл ретте ӘҚБК-нің 855-бабы екінші бөлігінің 3) тармақшасында жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта қарау туралы арыз иесі өтінішхат беретін акт жайында айтылады. Яғни ӘҚБК-нің өзінде осы мысалда «акт» деген анағұрлым кең ұғым қосыла отырып, түрлі терминология пайдаланылады. Бұдан басқа, айтып өтілгендей, қысқартылған іс жүргізуге (құқық бұзушылық сертификатталған арнайы техникалық бақылау-өлшеу құралдарымен және аспаптармен тіркелген жағдайда) нұсқама шығарылуы мүмкін, бұл да жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта қарауға жүгіну құқығын береді.

Қысқартылған іс жүргізу тәртібімен жүзеге асырылатын істі жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта қарау құқығы ӘҚБК-нің 811-бабының екінші бөлігінде тікелей көзделген деген ереже принципті болып табылады. Осы бөлікте іс бойынша заңды күшіне енген шешім туралы айтылады.

Осылайша, ӘҚБК-нің 852-бабының бірінші бөлігі және 855-бабы үшінші бөлігінің 2) тармақшасы ӘҚБК-нің 811-бабының екінші бөлігімен сәйкес келмейтіні анық, бұл іс жүргізу материалдарынан түсінуге болатындай, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын шектеуге алып келеді.

9. ӘҚБК-нің 852-бабының бірінші бөлігін және 855-бабы үшінші бөлігінің 2) тармақшасын қолданған кезде адамның әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша қысқартылған іс жүргізу жағдайында істі жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта қарау құқығы жалпы нормада (811-баптың екінші бөлігі) тікелей бекітілгенін ғана емес, әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнама қағидаттарын да ескерген жөн.

Мәселен, ӘҚБК-нің 10-бабының (кінәсіздік презумпциясы қағидаты) үшінші бөлігіне сәйкес кінәлілікке келтірілген кез келген күмәндар өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғалған тұлғаның пайдасына түсіндіріледі. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнаманы қолдану кезінде туындайтын күмәндар да оның пайдасына шешілуге тиіс.

Осылайша, ӘҚБК-нің түрлі нормаларының сәйкес келмеушілігі азаматтардың конституциялық құқықтарының да, ӘҚБК-де тікелей көзделген істі қайта қарау құқығының да бұзылуына алып келмеуге тиіс. Уәкілетті орган немесе сот процестік тұрғыда бұл мәселенің реттелмегенін немесе жеткілікті деңгейде реттелмегенін негізге алып құқықтық норманы (істі жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қарау құқығы) қолданудан бас тарта алмайды.

10. «Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы» 2022 жылғы 5 қарашадағы Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 50-бабы 1-тармағының 6) тармақшасына сәйкес Конституциялық Сот өзінің құқықтық ұстанымын тұжырымдаған кезде құқық қолдану практикасын назарға алады, бұл әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қысқартылған іс жүргізу жағдайында жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта қарауға қатысты түрлі тәсілдерді, оның ішінде қаулылар мен нұсқамаларды ғана қайта қарауға жол беретін және жазбаша құжат нысанында берілмейтін, қысқартылған іс жүргізуде шығарылатын шешімді қайта қараудан бас тартатын тәсілді анықтады. Мұндай формалды тәсіл азаматтардың тең болуын және олардың өзінің құқықтары мен бостандықтарын заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғау құқығын айтарлықтай бұзуға алып келеді.

11. Конституциялық Сот өтініште жазылған мәселелерге тармақтың қатысты болмауына байланысты ӘҚБК-нің дау айтылып отырған нормаларының Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-бабының 3-тармағына сәйкестігін қараған жоқ.

Осы жазылғандардың негізінде, Қазақстан Республикасы Конституциясының 72-бабының 3-тармағын және 74-бабының 3-тармағын, «Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы» 2022 жылғы 5 қарашадағы Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 23-бабы 4-тармағының 3) тармақшасын, 55 – 58, 62-баптарын, 63-бабының 3 және 4-тармақтарын, 64-бабының 4-тармағын және 65-бабы 1-тармағының 2) тармақшасын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты

қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 811-бабының екінші бөлігі, 852-бабының бірінші бөлігі және 855-бабы үшінші бөлігінің 2) тармақшасы Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты берген түсіндірмеде Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-бабының 1 және 2-тармақтарына және 14-бабының 1-тармағына сәйкес келеді деп танылсын:

іс жүргізілуі қысқартылған іс жүргізу тәртібімен жүзеге асырылатын әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша шешім уәкілетті органның лауазымды адамының конклюденттік әрекеттерді жүзеге асыруы: құқық бұзушылық және өндіріп алу туралы хабарлау, деректерді ақпараттық жүйелерге енгізу, қысқартылған іс жүргізу негіздері мен тәртібін түсіндіру, белгіленген үлгідегі түбіртекті беру (қажет болған жағдайда) арқылы ресімделеді. Мұндай әрекеттер жалпы тәртіппен әкімшілік жауаптылыққа тартуға негіз болатын әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қорытынды акт шығаруға теңестіріледі. Әкімшілік құқық бұзушылық автоматты режимде жұмыс істейтін сертификатталған арнайы техникалық бақылау-өлшеу құралдарымен және аспаптармен тіркелген жағдайда, шешім нұсқама нысанында да болуы мүмкін;

Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 852-бабының бірінші бөлігінде және 855-бабы үшінші бөлігінің 2) тармақшасында қысқартылған іс жүргізу тәртібімен конклюденттік нысанда қабылданатын шешім туралы ескертпенің болмауы осы іс жүргізу тәртібімен жауаптылыққа тартылған адамды істі жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта қарау құқығынан айырмайды.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі осы нормативтік қаулы жарияланғаннан кейін алты айдан кешіктірмей Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне іс жүргізілуі қысқартылған тәртіппен жүзеге асырылатын жағдайларда істерді жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта қарау тәртібін құқықтық реттеудегі олқылықтарды жоюға бағытталған Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобасын енгізсін.

3. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізілгенге дейін 811-баптың екінші бөлігі, 852-баптың бірінші бөлігі және 855-баптың үшінші бөлігінің 2) тармақшасы осы нормативтік қаулыда берілген түсіндірмеде қолданылсын.

4. «Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы» 2022 жылғы 5 қарашадағы Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 63-бабының 4-тармағы негізінде соттардың және өзге де құқық қолдану органдарының Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 811-бабының екінші бөлігін, 852-бабының бірінші бөлігін және 855-бабы үшінші бөлігінің 2) тармақшасын өзгеше түсіндіруге негізделген шешімдері орындалуға жатпайды және Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 852-бабы екінші бөлігінің 5) тармақшасына сәйкес жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта қаралуға тиіс.

5. Осы нормативтік қаулы қабылданған күнінен бастап күшіне енеді, Республиканың бүкіл аумағында жалпыға бірдей міндетті, түпкілікті болып табылады және шағым жасалуға жатпайды.

6. Осы нормативтік қаулы заңнамалық актілерді ресми жариялау құқығын алған мерзімді баспасөз басылымдарында, құқықтық ақпараттың бірыңғай жүйесінде және Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде жариялансын.

Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты